

ШЕТТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫК КОНТЕНТТІ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Ә.І. Тәжіғұлова¹, Е.В. Артықбаева², А.Ж. Арыстанова³

^{1,2} п.ғ.д., доцент, ³п.ғ.к.,

^{1,2,3} «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ, Алматы, Қазақстан

email: ainur_lev@mail.ru,

Мақалада шеттілін үйрену үдерісінде цифрлық білім беру контентін құрастыру мен оны қолдану мәселесі және ағылшын тілін үйрену үшін электрондық оқулықтар және компьютерлік мультимедиалық білім беру программаларын құрастырудағы отандық тәжірибе қарастырылады.

Түйін сөздер: *цифрландыру, шеттіл білімі, цифрлық білім беру контенті, электронды оқу тәсілдері.*

Кіріспе. ХХІ ғасырдың барлық елдерін қамтып өткен жаһандану үдерістері білім беру саласына маңызды жүк артып отыр. Олардың ішінде екеуін атап айтуға болады: біріншісі – шеттілдерін жетік үйрену; екіншісі - цифрлық технологияларды меңгеру. Осы екі жайт Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында орын алған болатын: «... ағылшын тілі - жаңа технологиялар тілі, жаңа экономика, жаңа өнімнің тілі болып табылады. Қазіргі таңда дүние жүзінің 90% ақпараты ағылшын тілінде жарыққа шығады. Әрбір екі жыл сайын оның көлемі екі еселенеді. Ағылшын тілін меңгерусіз Қазақстан жалпы ұлттық прогреске қол жеткізе алмайды. Сонымен қатар ІТ-біліміне де үлкен назар аудару қажет» [1].

Цифрландыру қазіргі таңдағы жаһандық білім беру кеңістігіне сәтті интеграциялануға қажетті болған шеттілдік білім алуға инновациялық үдерістерді жеделдетуге арналған. Цифрлық білім беру контентін білім беру үдерісінде қолдану (электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқыту бағдарламалары, ғаламтор-ресурстары) шеттілдерді оқудың интеграциясының және цифрлық технологияларды үйрену шеберлігін қалыптастыру мәселесін шешетін болғандықтан қазіргі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінде оқыту саласындағы бірден-бір жетекші тенденция болып табылады.

Әдістер мен материалдар. Бұл мақаланы дайындау барысында цифрландыру мен шеттілдерді оқытудың аясындағы нормативті-педагогикалық құжаттарды талдау, ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, оқу кезінде цифрлық білім беру ресурстарын, мультимедиалық оқыту бағдарламаларын, ағылшын тілі бойынша электрондық оқулықтарды оқуға қолдануды бақылау сияқты көптеген әдістер қолданылды.

Әдебиетке шолу. Шетелдік зерттеушілердің пайымдауы бойынша цифрлық білім беру контенті шет тілін үйренуде дәстүрлі басылымнан шығатын кітаптарға қарағанда өзінің мультимедиалығымен, қол жетімділігімен, икемділігімен, мазмұнының кеңдігімен, білім алуға бақылауда көбірек ықпалдылығымен оқытудың әлдеқайда дамыған түрі екендігі дәлелденген [2, 3, 4]. Осы технологиялардың ең басты артықшылығы ретінде зерттеушілер оның актуалдылығын, бірігейлілігін, әрсалалығын, интерактивтілігін, мотивация мен қызығушылықтың жоғарылауын атап кеткен [5, 6].

Шеттілді үйретуде web.02, подкаста, блогтар, әлеуметтік желі, электронды пошта, веб-форум, чаттар, электронды сөздік, ақпараттық-анықтамалық интернет ресурстар, видеобайланыстар сияқты цифрлық технологияларды қолдану студенттердің шетелдік коммуникативті күзiреттерінің дамуына [7, 8], олардың өз бетімен білім алуға, комментарий және әртүрлі талқылау мен пікірталас арқылы тілдік қорының ұлғаюына, соның салдарынан өмір бойы білім алуға деген құштарлықтың пайда болуына әсер етеді [9]. Wiki технологиясының мультимедиалық контентті құруға, әрдайым жаңашалауға, жүйелеуге мүмкіндік беретіні ерекше айтылған. Себебі онда аудио, видео, графикалық материалдарды (біркелкі шеттіл текстерді, подкаста және видеофрагменттерді) платформаға құруға мүмкіндік бар. Ал, ол өз кезегінде, шеттіл үйренушіге өте маңызды әрі пайдалы [10,11].

Қазақстанда электронды оқу баспаларының пайдасы жөнінде педагогикалық зерттеулер жүргізілген болатын. Оған қоса, оларды шет тілін үйрену барысында қолдану жөнінде әдістемелер дамытылған еді [12, 13, 14]; аударма ісі студенттерінің елтанушылық күзiреттерінің қалыптасу үдерісі зерттелген болатын [15]; шетелдік білім беруді ақпараттандыру аясында мәдениаралық-коммуникативті күзiретін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері құрастырылды [16].

Шеттілдік білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері Ж.Т.Атшыбаеваның [17], А.Т.Бақтыбаеваның, К.А.Байбурианың [18], Д.М.Джусубалиеваның, А.Т.Чакликованың [19], С.Т.Қарғынның [20], А.Т. Шынжырбаеваның [21] және т.б жұмыстарында көрініс тапқан болатын. Ол жұмыстарда цифрлық білім беру контентінің шеттіл үйрену барысына өте жағымды әсер ететіні, білім беруді модернизациясының негізгі мақсаты – тұлғаның үйлесімді түрде дамуына ықпал ететін, ақпараттандырудың аясында жайлы өмір сүруге дағдылайтын білім берудің сапасын жоғарылату жөнінде айтылған.

Зерттеудің нәтижелері.

Алғаш рет ҚР-дың жоғары білім беру жүйесінде шеттілдерін үйретуде цифрлық білім беру контентін енгізу 1990 ж–а аяғында Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-де университет ректоры п.ғ.д., профессор С.С.Құнанбаеваның бастамасымен ғылыми-зерттеу лаборатория ашылып, кейіннен кәсіби білім берудің ақпараттандыру институты ашылып жүзеге асырылған болатын. П.ғ.д., профессор Г.Қ.Нурғалиеваның авторлық модульдік технологиясы бойынша және сол кісінің басқаруымен лингвистикалық дисциплина саласында алғашқы электрондық оқулықтар құрастырылған еді: «Шеттілдерін оқытудың теориясы мен әдісі», «Ағылшын тілінің тарихы», «Лексикология», «Теориялық грамматика», «Теориялық фонетика», «Елтану», «Стилистика» және т.б.

Қазіргі таңда шеттілді оқытудағы цифрлық білім беру контентінің нарығы кеңейді. Білім және ғылым Министрлігінің қаулысы бойынша орта мектептерде қосымша материалы бар аудио және видеодисктер секілді электронды оқыту басылымдары қолдануға ұсынылған: Smiles for Kazakhstan — Express Publishing, «Eyes Open» — Cambridge University Press, Teacher`s Resource Pack & Tests (CD-ROM), English Plus for Kazakhstan — Oxford University Press, Full Blast for Kazakhstan — MM Publications, ағылшын тілінің электрондық оқулықтары – Білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығы [22]. Көріп отырғаныңыздай, ағылшын тілін үйренуде көбіне шетел баспаларының өнімдері басым, ал отандық әзірлеушілердің арасында көш бастап тұрған Білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығы.

Бұл баспалардың барлығы орта мектептерде шеттіл оқытудың ақпараттық білім беруінің ортасын анағұрлым кеңейтеді. Ал, ол өз кезегінде, ағылшын тілін практика жүзінде жақсы үйренуге, олардың өмірде, іскерлік жағдайында қажет болатындай мектеп оқушыларының коммуникативті күзіретін қалыптастыруға бірден – бір ықпал болады.

Профессор Г.Қ.Нурғалиеваның көзқарасы бойынша электрондық оқулық басылымы қағаз оқулықтарды немесе басқа да баспадан шыққан ресурстарды қайталамау керек, керісінше сабақтың кезеңдерін негізге ала отырып білім алу үдерісін автоматтандырылған түрін пайымдауы керек, яғни қабылдау-хабардар болу-түсіну-бекіту-жалпылау-қолдану [23].

Ағылшын тілі бойынша электронды оқу басылым мазмұны оқу материалының мультимедиалық түсіндірмесі мен *әрбір* оқу тақырыбы бойынша тәжірибелік жаттығулық интерактивті тапсырмалардан тұруы қажет. Мультимедиалық түсіндірмелер баланың лексикалық тақырыпқа оңай әрі жеңіл кіріп кетуіне арналған, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық материалды меңгеруге белгілі бір жағдай жасау және пәнге қосымша жағдаяттық қыр беру үшін қолданылады. Грамматикалық ережелердің түсіндірмесі білікті диктор мамандарымен дыбысталуы керек (тіл иесі болғаны абзалырақ), анимация, схема, кесте, үлгі арқылы көрнекілікпен, сюжеттік желі арқылы болғаны дұрыс, ал ол өз кезегінде сөзді дұрыс айтуға машықтырады.

Ағылшын тілін үйренуде сөйлеу қызметінің әрқилы түрлері бойынша тәжірибелік шеберлікті қалыптастыру маңызды болып табылады. Мәселен: оқу, тыңдалым, сөйлеу, жазу. Ол үдеріс ауқымды, ұзақ уақытты талап етеді, оған қоса үздіксіз әрі мақсатты түрде ғана жүзеге асады. Ағылшын тілі пәнінің барысында электрондық оқулық басылымын қолдану интерактивті тапсырмалар арқылы оқушыларды білім алу қызметінің әртүрлі икеміне бейімделуге үйретеді. Соның ішінде *тыңдалым* – мәтінді видео мен анимация арқылы сүйемелдеп тыңдау; *оқу*, білім алушының есте сақтау қабілетіне тікелей бағытталған, логикалық ойлауға арналған мәтін бойынша жаттығулар; *жазу* – әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді және т.б. жазу; *сөйлеу* – мәтін бойынша суреттерді дыбыстау, диалог бойынша жұмыс, өзіндік диалог құру және т.б.

Мысал ретінде біздің мамандар мен сингапурлық әріптестеріміздің 2005-2006 жылдар аралығында көптеген мектептер мультимедиалық лингафондық кабинеттермен қамтамасыздандырылған кезде жасалған мультимедиалық білім беру бағдарламаларын тілге тиек ете кету керек [24]. Қазақстандық-сингапурлық жобаны енгізу нәтижесінде біз алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кешенді түрде, яғни мектепке тек компьютерлік жабдық пен жиһазды құру ғана емес, қолданбалы бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыздандыру

және мұғалімдерді арнайы оқытудан өткізу сияқты әрекеттердің мектеп қабырғасында қолданылуының үздік мысалы ретінде көре алдық.

Мультимедиалық кабинеттер жергілікті торапқа жалғанған оқушыларға арнайы компьютерлермен, мұғалім компьютері сервер ретінде, мультимедиалық проектор немесе интерактивті тақтамен жабдықталған еді. Осы бағдарлама аясында республикамызда алғаш рет білім арудың желілік технологиялары Multimedia Education Resource Interactive Teaching System (MERiTS): MERiTS CRMS енгізілген еді. Ол оқушылардың топтасып, жұптасып жұмыс жасауына, мұғалімнің өз компьютерінен оқушы жұмысын бақылауға мүмкіндік беретін сыныпты басқару жүйесі. MERiTS LMS – білім алу үдерісін басқаруды автоматизациялайтын, толық біріктірілген жабдықтарды қамтамасыздандыратын білім беру үдерісін басқаратын жүйе.

Біздің ойымызша, бұл жобаның ең маңыздысы – мультимедиалық кабинеттерде 2-11 сыныптар аралығында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде LMS архитектурасына енгізілген және Қазақстан Республикасының орта білім беру стандарттарына сәйкес құрастырылған мультимедиалық оқыту бағдарламаларын (Courseware) орнатқанында. Courseware оқушыны сөйлеу қабілеттің барлық түрлеріне кірістіреді: тыңдау, диалог, сөйлеу, көптеген анимация негізінде жазу, мәтіндерді дыбыстау, интерактивті тапсырмалар, ойындар, сөзжұмбақтар, тестер, жаттығулар және т.б. Бағдарламаның мәтіндік материалдары оқушыны ағылшын мәдениетімен таныстырады, сол елдің ауызекі сөйлеу нормаларын қамтитын лексикадан тұрады. Мәтіндер шынайы материалдардан құралған. Елді таныстыру аспекті салыстыру тұрғысында құрастырылған, үйреніп жатқан тілдің елі туралы, оның мәдениеті жайлы оқушының білімін ұлғайтады.

Қазақстанда бұрын соң бұндай лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету болған емес. Тілдер бойынша жасалған мультимедиалық оқыту бағдарламасының арқасында мұғалімдер сабақтың дайын дидактикалық құрылымына қол жеткізді десек болады.

Мектептерде бағдарламалық қамтамасыз етуді таратумен қатар ST Electronics пен Ұлттық ақпараттандыру орталығы қызметкерлерінің тіл пәні мұғалімдерін оқыту жұмыстарымен қатар жүретін.

МОБ мұғалімге өзіндік шығармашылық қабілетін іске асыруға, яғни практикалық және әдістемелік тәжірибелерге сүйеніп жеке сабақтарын, тапсырмаларын, тестерін және т.б. ойлап жасап шығаруға мүмкіндік береді. МОБ-тың ерекше тұсы оның білім беру тұрғысынан бөлек, мұғалімнің модульдер мен тапсырмалар бойынша ағылшын тілін меңгеру сапасына мониторинг жүргізе алуында. Осы жобаны іске асырып, қолданып жүрген ұстаздар қауымының айтуынша, компьютерлік оқыту бағдарламаларын жүйелі түрде қолданып жүрген оқушылардың білім деңгейі айтарлықтай жоғарылаған, ағылшын тіліне деген қызығушылығы артып, әртүрлі жарыстар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, жақсы нәтиже көрсетіп жатыр [25].

Ағылшын тілі бойынша цифрлық білім беру контентін құрастырудағы келесі нәтижелі мысал ретінде 1-4 сыныптарға арналған білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығының құрастыруы бойынша (БАПТО, менеджері – М.Қ.Нуржанова), Білім және ғылым Министрлігінің Қаулысымен білім беру үдерісінде қолдануға ұсынылған бағдарламаны айтып өтпеуге болмас [22].

БАПТО-ның құрастырған ағылшын тілі 1-4 сынып бойынша МОБ дәстүрлі оқулықтардың функциясы мен инновациялық тенденцияларды керемет ұштастыра білген. Сол бойынша оқушының білімге құштарлығын арттырады, дербес өзіндік ойлау қабілетін дамытады, бастауыш сыныптарда-ақ креативті ойлау-жүйесін қалыптастырады.

МОБ-ның ерекше артықшылығы келесі мақсаттарға жету үшін жасалады:

- бастауыш сынып оқушыларының жаңа тілдік дүниеге коммуникациялық-психологиялық бейімделуіне және болашақта психологиялық кедергіні еңсеріп, тілді араласу құралы ретінде қолдануға жағдаят жасайды;

- баланың жеке тұлғалық қасиеті, сөйлеу қабілеті, назары, ойлау-қабілеті, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамытады.

Барлық МОБ п.ғ.д., профессор Г.Қ.Нурғалиеваның электрондық оқулықтарды құрастырудағы авторлық модульді технологиялары бойынша жасалған. Модуль – ол жүйелік, жергілікті, функционалды білімнің ұштасуы (1-сурет).



1-сурет. 1-сыныпқа арналған ағылшын тілі бойынша МОБ модулі

Кіші сынып оқушысының қарапайым шеттілдік коммуникациялық құзыреттілігін құрастыру ерекше ой елегінен өтіп жасалған сөйлеу қызметінің 4 түрін қамтитын интерактивті тапсырмалар арқылы қол жетімді болып отыр. Олар: тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу.

Дыбысталған және анимацияланған текстер көмегімен оқудың қарапайым шеберліктері қалыптасады. Аталмыш электрондық оқулықтардың мәтіндері көптеген графикалық көрнекілікпен, интерактивті, мультимедиялық түсіндірмелермен және анимациялық тапсырмалармен толықтырылған. МОБ-та тыңдау арқылы оқыту жақсы ұйымдастырылған. Балалар мәтіндерді үлкен қызығушылықпен тыңдайды және мәтіннің жалпы мағынасын тез ұғады. Мультимедиялық түсіндірмелерде ұлттық қазақи колорит керемет ұсынылған, әсіресе «Менің қалам», «Менің аулым», «Менің елім» лексикалық тақырыптарында.

Сөздікпен жұмыс жаңа сөздерді қарау, тыңдау және жаттауды қарастырады. Әрбір сөзге жаттауды жеңілдету үшін анық, жарқын түспен өңделген сурет беріледі. Жаңа лексикалық және грамматикалық материалды есте сақтау үшін МОБ-та арнайы интерактивті тапсырмалар құрастырылған. Оқушылар автоматизацияланған операцияларды орындау арқылы оны шеберлікке айналдырады. Осындай тапсырмалардың әртүрлілігі білім алу үдерісін жеңіл әрі оңайлата түсіреді.

Осылайша, лексиканы үйрену үшін авторлық ұжым сөздерді табуға арналған тапсырмаларды орындауға ұсынады: компьютер сөзді «айтады» немесе көрсетеді, ал оқушылар оны сөздер тізімінде табуы керек немесе соған қатысты суретті көрсету керек және т.б. Барлық тапсырмалар қанық түсті көрнекілікпен көмкерілген, сол арқылы баланың тілді үйренуге деген құштарлығын арттыра түседі, әрі көзбен көру арқылы берілген материалды жақсы жадында сақтап қалуға үлесін қосады.

Интерактивті тапсырмалар жауапты сол мезетте автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді, ол оқушының ұстазымен жұмыс жасауына да, өздігінен тапсырманы орындауға да жол ашады. Оқушымен әрдайым кері байланыс үздіксіз жүреді. Әрбір оқушының амалына комментарий беріледі: «Бәрекелді», «Тағы ойлан» және т.б. Белгілі эмоционалды жағдай туғызатын музыкалық сүйемелдеу де бар. Мұғалім сол арқылы әп-сәтте оқушының оқу материалын түсіну деңгейін анықтай алады.

«Жобалық қызмет» бөліміндегі тапсырмалар мұғалімге арналған, оны оқытушы оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру кезіндегі әдістемелік көмек ретінде қолдана алады. (онда тақырыптар берілген, мақсаттар баяндалған, жобаны көрнекілеу үлгілері берілген).

Қорытынды

Заманауи қоғам цифрлық технологиялардың ұдайы тарауы мен дамуының әсерінен тез әрі терең өзгерістермен ерекшеленеді. Шетелдік және отандық зерттеушілердің пайымдауынша цифрлық білім беру контенті шеттіл үйретудің ақпараттық-білім беру ортасын анағұрлым кеңейтеді, тілдік шеберлікті және коммуникативті күзіретін сапалы түрде қалыптастыруға жол ашады.

Біздің ойымызша, білім беруді ақпараттандыру педагогикалық технологиялар орталығының мультимедиялық оқыту бағдарламаларында және электрондық оқулықтарда қолданылған электронды білім беру формасы мен әдісі шеттілін үйренуде дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын керемет нышан бола алады. Шеттілді меңгеру коммуникациялық бейімділікті, білімге құштарлықты

дамытады. Мультимедиялық құралдарды қолдану білім алушыға оқуға деген жеке өзіндік жолын табуға септігін тигізеді.

Бастысы, бұл технологиялар жайлы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне мектепке жаңа ақпараттық білім беру ортасына маман ретінде даярланып келуі үшін мәлім болғаны жөн.

Аталмыш инновациялардың барлығы адами капиталға деген инвестиция, қоғамның жалпы интеллектуалды өрісіне құйылған салым болып табылады. Ол өз кезегінде индустриалды-инновациялық экономиканың дамуының алғышартын анықтайтын дүние деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» [Электронный ресурс], 31 января 2017 г. – URL: -http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/oslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-2017-g. – Дата доступа: 24.10.2018.
2. Walker A., White G. Technology enhanced language learning. – Oxford: Oxford University Press, 2013. – 208 с.
3. Pourhosein Gilakjani A. A Review of the Literature on the Integration of Technology into the Learning and Teaching of English Language Skills // International Journal of English Linguistics. - 2017. Vol.7. – P.95-106.
4. Yang Y., Qian D. O. Assessing English reading comprehension by Chinese EFL learners in computerized dynamic assessment Language Testing in Asia. – July 2017, 7:11. <https://doi.org/10.1186/s40468-017-0042-3>.
5. Akbari E. et al. Student engagement and foreign language learning through online social networks // Asian-Pacific Journal of Second and Foreign Language Education. – 2016, 1:4. DOI 10.1186/s40862-016-0006-7.
6. Union C. D., Union L. W., Green T. D. The Use of eReaders in the Classroom and at Home to Help Third-Grade Students Improve Their Reading and English/Language Arts Standardized Test Scores// TechTrends: Linking Research and Practice to Improve Learning. – 2015. – Vol. 59, n 5. – P. 71-84.
7. Basal A. Using Web 2.0 Tools in English Teaching // Turkish Online Journal of Distance Education. – 2015. – Vol.16, № 4. – P. 28-37.
8. Buyvol P.A., Bagateeva A.O., Makarova I.V, Modern Mobile And Information Communication Technologies In Teaching University Students//Modern Journal Of Language Teaching Methods. – 2018. – Vol.8, Is.11. – P.254-259.
9. Kovalchuk O., Krasnokutska I. Using blogs in teaching English to philology students // Advanced Education. – 2017. – Issue 7. – P. 146-153.
10. Nazarenko A. L. Using Wiki-Technology For The Creation Of A Virtual Learning Environment For "The World Of Britain" Distance Course //Language And Culture. – 2017. – Vol.40. – P. 244-253.
11. Сысоев П. В. Вики-технология в обучении иностранному языку // Язык и культура. – 2013. – № 3(23). – С. 140-152.
12. Сағымбаева Ж. Е. Теория мен әдістемелік информатизациялау жағдайында студенттерге шет тілдергі үйретудегі әдістемелік даярлау: п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 1999. – 18 с.
13. Нұрманалиева Ұ. Т. Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі (ағылшын тілі, жоғары оқу орны): п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2004. – 32 б.
14. Атабаева Ф. К. Тіл негізгі пән ретінде оқытылмайтын жоғарғы оқу орындарында студенттерге шетел тілін үйретудегі ақпараттандырылған-қатынастық технологияларды қолданудың әдістемесі: п.ғ.к. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2010. – 28 б.
15. Тусельбаева Ж. Ә. Кәсібі білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы студенттердің елтанушылық біліктілігін қалыптастыру: п.ғ.к. автореф.: 13.00.08. [Мәтін] – Алматы, 2000. – 24 б.
16. Чакликова А.Т. Шетел тілінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың ғылыми-теоретикалық негіздері: п.ғ.д. автореф.: 13.00.02. [Мәтін] – Алматы, 2009. – 49 б.
17. Атшыбаева Ж.Т. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны қолдану// «Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы», мат. междунардн. научно-практ. конф. – Астана: «Оқулық» РГПО, 2018. – С.267-271
18. Бактыбаева А.Т., Байбурина К. А. Современное полиязычное образование в Казахстане: проблемы и перспективы развития // Наука, техника и образование. – 2016. – № 2 (20). – С.132-135.
19. Джусубалиева Д.М., Чакликова А.Т., Еланцев Д.В. Использование инновационных технологий для создания электронного университета в языковом вузе: проблемы и пути решения // Вестник КазНУ. – 2015. – № 1. – С. 13-18.
20. Каргин С.Т., Андреева О.А. О возможностях использования современных компьютерных технологий в обучении иностранным языкам // Вестник КарГУ. Серия "Педагогика". – 2010. – № 3(59). – С.72-78.

21. Шынжырбаева А. Т. Сандық білім беру ресурстарын ағылшын тілі пәні сабақтарында қолданудың тиімділігі // «Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы», мат. междунардн. научно-практ. конф. – Астана: «Окулык» РГПО, 2018. – С.378-383.

22. Приказ Министра образования и науки РК «Об утверждении перечня учебников, учебно-методических комплексов, пособий и другой дополнительной литературы, в том числе на электронных носителях» от 03.05.2018 г. №192.

23. Нурғалиева Г. К. Преемственность в развитии научной школы. – Алматы: НЦИ, 2015. – 310 с.

24. Тажигулова А. И., Артыкбаева Е.В. Сингапурский опыт информатизации образования в Казахстане [Текст] // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки» – 2008. – № 3 (25). – С. 9-17.

25. Супрунова И. Н. Применение электронной образовательной программы «Merits» на уроках английского языка. [Электронный ресурс] – <http://www.azbyka.kz/primenenie-elektronnoy-obrazovatelnoy-programmy-merits-na-urokah-angliyskogo-yazyka>. Дата доступа: 24.10.2018.

ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ОПЫТ РАЗРАБОТКИ ЦИФРОВОГО КОНТЕНТА ДЛЯ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.И. Тажигулова¹, Е.В. Артыкбаева², А.Ж. Арыстанова³

¹доктор педагогических наук, доцент, президент АО «Национальный центр информатизации»,
almirat@list.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

²доктор педагогических наук, доцент, вице-президент АО «Национальный центр информатизации»,
artykbaeva@mail.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

³кандидат педагогических наук, директор департамента АО «Национальный центр информатизации»,
ainur_lev@mail.ru, г. Алматы, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы разработки и использования цифрового образовательного контента в процессе иноязычного образования, отечественный опыт разработки электронных учебников и компьютерных мультимедийных обучающих программ для изучения английского языка.

Ключевые слова: цифровизация, иноязычное образование, цифровой образовательный контент, методы электронного обучения

DOMESTIC EXPERIENCE OF DEVELOPING A DIGITAL CONTINENT FOR FOREIGN LANGUAGE

A.I. Tazhigulova¹, E.V. Artykbaeva², A.Zh. Arystanova³

^{1,2} Dr. Sci. (Pedagogy), associate professor, ¹president, ²vice-president

³ Cand. Sci. (Pedagogy), Director of Digital Content Development

^{1,2,3} JSC National Center of Informatization, Almaty, Kazakhstan
email: ainur_lev@mail.ru

The article describes the use of digital educational content in the process of foreign language education, the domestic experience in the development of e-books and of computer multimedia learning programs for learning English.

Keywords: digitalization, foreign language education, digital educational content, e-learning methods

Редакцияға 16.04.2019 қабылданды.

3-бөлім / Раздел 3
ФИЛОЛОГИЯ

Section 3
PHILOLOGY